

**«Қазақтелеком»**  
**акционерлік қоғамы**  
**БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ**  
**КУПОНДЫҚ ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ**  
**ПРОСПЕКТІ**  
**(«Қазақтелеком» АҚ)**

**21 000 000 ( жиырма бір миллион) дана**  
**21 000 000 000 (жиырма бір миллиард) теңге сомасында**

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі, Проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да болсын ұсынымдар ұсынуды білдірмейді. Облигациялар шығарылымының мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыратын уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың нақтылығына жауапкершілік атқармайды. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ғана қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы Проспектідегі ақпараттың нақтылығы мен онда ұсынылған ақпарат нақты және эмитент пен оның облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтындығы үшін жауап береді..

Алматы қ-сы, 2014 ж.

1. Облигациялардың осы шығарылымы «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының (әрі қарай – «Қазақтелеком» немесе «Эмитент») бірінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады, облигациялардың осы шығарылымын мемлекеттік тіркеуге арналған құжаттармен бірге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне бір мезгілде ұсынылған

## 2. Облигациялық бағдарлама туралы мәлімет.

<b>Соның аясында шығарылым жүзеге асырылатын, Облигациялық бағдарламаның көлемі:</b>	90 000 000 000 (тоқсан миллиард) теңге.
<b>Облигациялар шығарылымының тәртіптік нөмірі</b>	Осы шығарылым Эмитенттің бірінші облигациялық бағдарламасының шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы болып табылады.
<b>Облигациялардың өткен шығарылымдары туралы мәлімет (уәкілетті органда шығарылымды тіркеу мерзімі, облигациялар саны, номиналдық құны бойынша шығарылымдар көлемі және осы облигациялық бағдарлама шегінде әр шығарылым бойынша орналастырылған облигациялар саны)</b>	Бірінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың тіркелген шығарылымы жоқ.
<b>Облигациялық бағдарлама аясында, ұстаушыларына ұсынылатын бұрын шығарылған облигациялар құқықтары, соның ішінде, ұстаушылардың осы құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсетіп, шектеулер (ковенант) бұзылған кезде жүзеге асырылған және құнды қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар</b>	Бірінші облигациялық бағдарлама аясында облигациялардың тіркелген шығарылымы жоқ..

## 3. Шығарылымның құрылымы.

№	Шығарылымның құрылымы	
3.1.	Облигацияның түрі	Қамсыздандырылмаған купондық облигациялар (әрі қарай– <b>Облигациялар</b> ).
3.2.	Шығарылатын облигациялар саны	21 000 000 (жиырма бір миллион) дана.
	Номиналдық құны бойынша облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	21 000 000 000 (жиырма бір миллиард) теңге.
3.3.	Бір облигацияның номиналдық құны	1 000 (мың) теңге.
3.4.	Облигациялар бойынша сыйақылар	

3.4.1.	Бекіту мерзімі	Айналымның мерзімінің соңында әр купондық кезең бойынша Облигациялар бойынша сыйақылар не негізгі қарызды және айналым мерзімінің соңында оларды өтеген кезде Облигациялар бойынша сыйақылар алуға, одан кейін осы төлем жүзеге асырылатын (Эмитент тіркеушісінің орналасқан орнында уақыт бойынша) (бұдан әрі – <b>Бекіту мерзімі</b> ), кезеңнің соңғы күнінің басында Облигациялар ұстаушылар тізімі жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы.
3.4.2.	Облигациялар бойынша сыйақылау мөлшерлемесі	Облигациялар бойынша сыйақылау мөлшерлемесі Облигациялар айналымының барлық айналымы мерзімінде бекітілген болып табылады және Облигациялардың номиналдық құнының жылдық 7,5% (жеті бүтін бес пайызын) құрайды.
3.4.3.	Сыйақылау есептелу басталатын мерзім	Облигациялар бойынша сыйақылар есептеу Облигациялар айналымы басталған мерзімнен басталады.
3.4.4.	Сыйақы төлемінің мерзімділігі мен мерзімі	Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналымының басталған мерзімінен бастап әр 6 (алты) ай өткен сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі. Сыйақы Бекіту мерзімі бойынша жағдайда оны алу құқығына ие тұлғаларға төленеді
3.4.5.	Сыйақы төлеу тәртібі мен шарты	<p>Сыйақы төлемі Бекіту мерзімінде Облигациялар ұстаушылар тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шотына Бекіту мерзімінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде ақша (теңге) аудару жолымен жүзеге асырылады.</p> <p>Төлем мерзіміндегі сыйақы номиналдық бағаны және пайыздық сыйақының жарты жылдық мөлшерлемесін жүргізу ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілер саны мен дөңгелету әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.</p> <p>Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша қарыздың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.</p> <p>Барлық төлемдерді (сыйақы төлемдері мен негізгі қарыз сомасын) Эмитент қолма-қол ақша емес тәртібінде Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгемен) жүзеге асырады.</p> <p>Егер Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша төлемдер Облигация ұстаушысында Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік есепшоты болу шартымен, теңгемен жүзеге асырылады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені және өзге валютаны айырбастау (тек АҚШ Доллары немесе Еуро) Эмитенттің Облигация ұстаушысынан – Қазақстан Республикасы резиденті емесінен сәйкес төлем күніне дейін 5 (бес) күн</p>

		қалғанға дейін кешіктірмей жазбаша өтініш алғанға дейін рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау (тек АҚШ доллары немесе Еуро) облигацияларды ұстаушы- Қазақстан Республикасының резидент емесі есебінен жүзеге асырылады.
3.4.6.	Сыйақылау есебі үшін қолданылатын уақыт кезеңі	Облигациялар бойынша сыйақылар төлемі айналымның бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақытша база есебінен жүргізілетін болады
3.4.7.	Егер сыйақылау мөлшерлемесі бекітілген болып табылмайтын болса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі	Облигациялар бойынша сыйақылау мөлшерлемесі Облигациялар айналымының барлық мерзімінде бекітілген болып табылады.
3.4.8.	Индекстелген облигациялар шығарылымы кезіндегі есептеу тәртібі	Облигациялар индекстелген болып табылмайды.
3.5.	Облигациялардың айналымы мен өтелуі туралы мәлімет	
3.5.1.	Облигациялар айналымының басталу мерзімі	Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми тізіміне енгізу мерзімі (бұдан әрі – <b>Айналымның басталу мерзімі</b> ).
3.5.2.	Облигациялар айналысы жоспарланатын нарығын	Облигациялар айналысы құнды қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында жоспарланады.
3.5.3.	Облигациялар айналымының мерзімі мен оларды өтеу шарттары	<p>Облигациялар айналымының мерзімі Облигациялар айналымының басталу мерзімінен бастап 5 (бес) жыл. Облигациялар Бекіту мерзімінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде соңғы пайыздық сыйақыны бір мезгілде төлеу жолымен, Облигациялардың номиналдық құны бойынша Бекіту мерзіміндегі жағдай бойынша Облигациялар ұстаушыларының ағымдағы есепшоттарына ақша (теңгемен) аудару жолымен өтеледі.</p> <p>Егер Облигациялар ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигациялар бойынша төлемдер Облигация ұстаушысында Қазақстан Республикасы аумағында теңгедегі банктік есепшоты болу шартымен, теңгемен жүзеге асырылады.</p> <p>Төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені және өзге валютаны айырбастау (тек АҚШ Доллары немесе Еуро) Эмитенттің Облигация ұстаушысынан – Қазақстан Республикасы резиденті емесінен сәйкес төлем күніне дейін 5 (бес) күн қалғанға дейін кешіктірмей жазбаша өтініш алғанға дейін рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау төлемді жүзеге асыру мерзімінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі</p>

		<p>белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені өзге валютаға айырбастау (тек АҚШ доллары немесе Еуро) облигацияларды ұстаушы- Қазақстан Республикасының резидент емесі есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Облигацияларды ұстаушылар пайдасына Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асыру кезінде теңгені өзге кез келген валютаға айырбастау облигацияларды ұстаушы-Қазақстан Республикасының резидент емесі есебінен рұқсат етілмейді.</p>
3.5.4.	Облигацияларды өтеу кезеңі	Облигацияларды өтеу мақсаты үшін анықталған Бекіту мерзімінен кейінгі мерзімнен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.
3.5.5.	Облигацияларды өтеу жүргізілетін орын	<p>«Қазақтелеком» АҚ, Қазақстан Республикасы № 1 кеңсе: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сауран к-сі. 12 үй.</p> <p>№ 2 кеңсе: 050059, . Алматы қ-сы, Фурманов к-сі, 240 «Б».</p>
3.5.6.	Облигацияларды өтеу тәсілі	Негізгі қарыз сомасын өтеу және соңғы пайыздық сыйақыны төлеу, Облигациялар ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес ақшаны Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы есепшотына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады.
3.6.	Облигациялар бойынша қамсыздандыру	Облигациялардың осы шығарылымы қамсыздандырылмаған болып табылады.
3.7.	Облигациялар ұстаушылардың өкілі туралы мәлімет	Облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметін құнды қағаздар нарығында номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің есепшоттарын жүргізу құқығына ие брокерлік-дилерлік қызметті жүзеге асыру 2008 жылғы 26 желтоқсандағы № 4.2.92/28 лицензиясына ие «Налук Finance» Қазақстан Халық Банкінің Еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы жүзеге асырады, (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ-сы, әл-Фараби д-лы, 19/1, «Нұрлы Тау» БО, 3Б, 6-қабат, тел./факс: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93). Облигациялар ұстаушыларының өкілі облигациялар ұстаушылары өкіліне қызмет көрсету туралы 15.12.2014 ж. № 800-15-ДУ шарт негізінде өзінің функциясын жүзеге асырады.
3.8.	Тіркеуші туралы мәлімет	<p>«Құнды қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы, 050040 Алматы қ-сы, Сәтпаев к-сі, 30А/3 «Теңіз тауэрс» ТК Байланыс телефоны: +7 (727) 272 47 60 Факс: +7 (727) 272 47 60 ішкі 230 №00586-АО құнды қағаздар ұстаушылар тізілімі жүйесін жүргізу бойынша шарт, 20.12.2012ж. бастап тұрпатты нысанға қосу</p>
3.9.	Облигацияларды орналастыруға қатыс атын ұйымдар туралы	Эмитент пен Казкоммерц Секьюритиз арасында жасалған 15.12.2014 ж. №799-15-ДУ қаржылық қызметтер мен андеррайтинг көрсету туралы Шартқа сәйкес,

	мәлімет	<p>Облигациялар шығарылымы бойынша Эмитенттің Қаржылық кеңесшісі мен Андеррайтері «Казкоммерц Секьюритиз» Акционерлік қоғамы болып табылады (Казкоммерц) Акционерлік қоғамының еншілес ұйымы) (бұдан әрі – <b>Казкоммерц Секьюритиз</b>).</p> <p>Казкоммерц Секьюритиз бас кеңесі мекенжайында 050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ-сы, әл Фараби даңғылы, 34, байланыс телефоны: +7 (727) 244 65 05, факс: +7 (727) 244 65 06 орналасқан. Казкоммерц Секьюритиз Қазақстан Республикасы Қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау агенттігінің 2006 жылғы 17 мамырдағы номиналды ұстаушы ретінде клиенттің есепшотын жүргізу құқығымен, құнды қағаздар нарқында брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға арналған № 0401201207 лицензиясы бар.</p>
3.10.	Төлемдік агент туралы мәлімет	Сыйақы төлеу мен Облигацияларды өтеуді Эмитент төлемдік агент қызметтерін пайдаланусыз дербес жүзеге асырады.
3.11.	Оның ұстаушысына Облигация ұсынатын құқықтар	<p>Облигацияларды ұстаушылар құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Шығарылым проспектіде көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналдық құнын алуға, сонымен қатар, проспектіде белгіленген мерзімде Облигациялар бойынша бекітілген сыйақылар алуға; Қазақстан Республикасының қайталама нарықтарында Облигацияларды кедергісіз сатуға және сатып алуға;</li> <li>– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіпте Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алуға;</li> <li>– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда және тәртіпте Облигациялар бойынша өзінің талаптарын қанағаттандыруға;</li> <li>– пайыздық сыйақыны және / немесе өтеу кезінде Эмитенттің кінәсі бойынша Облигациялардың номиналдық құнын, сонымен қатар, сатып алған кезде Облигациялардың номиналдық құнын және жиынтықталған пайыздық сыйақысын төлемеу, сонымен қатар толық төлемеу жағдайында, осы соманың, сондай-ақ ақшалай міндеттемені немесе оның сәйкес бөлігін орындау мерзіміндегі (яғни, төлем жүзеге асыралатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі мерзімде) Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін міндеттеменің орындалмау сомасының , әр мерзімі асқан күн үшін өсімпұлдің төленуін талап ету;</li> <li>– осы Проспектінің 3.11.1 және 3.14.2 тарауларында көзделген жағдайларда сатып аланытан барлық Облигацияларды немесе оның жартысын жариялау құқығы;</li> <li>– Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген</li> </ul>

		<p>жағдайда және тәртіпте Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.</p> <p>Облигациялар ұстаушылардың Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.</p>
<p><b>3.11.1</b></p>	<p>Ол туындаған кезде Эмитент облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар</p>	<p><b>I.</b> Туындаған жағдайда, Эмитент Облигациялары бойынша дефолт (бұдан әрі – <b>Дефолт оқиғасы</b>) жариялануы мүмкін оқиға:</p> <p><b>1) Облигациялар бойынша төлемдік міндеттемелерді орындамау</b></p> <p>Негізгі қарыздың және (немесе) осы Проспектіде белгіленген негізгі қарызды және (немесе) пайыздық сыйақыны төлеу мерзімі аяқталғаннан кейінгі келесі күнінен бастап Облигациялар бойынша пайыздық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитент міндеттемелерін орындамау және дұрыс орындамау.</p> <p><b>2) Шектеулерді (ковенанттарды) бұзу</b></p> <p>Эмитент осы Проспектінің 3-2 тарауларында көзделген Облигациялар бойынша белгіленген шектеулердің (ковенанттардың) кез келгенін бұзады және осындай бұзу ол туындаған уақыттан бастап 30, (отыз) күнтізбелік күн ішінде жойылмайды.</p> <p><b>Жауапкершіліктен босату</b></p> <p>Егер бұл орындамау тойтарылмас күштер жағдайының салдары болып табылатын болса, Эмитент өзінің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Тойтарылмас күштер жағдайы ретінде оның болуын болжай алмаған немесе алдын ала алмаған жағдайлар (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, зілзалалық апаттар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тиым салушылық немесе шектеулік сипаттағы актілері).</p> <p>Тойтарылмас күштер жағдайы туындаған кезде Эмитенттің өзінің міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай міндеттемелер мен оның салдары әрекет ететін уақыт кезеңіне шектес кезеңге кейінге шегеріледі.</p> <p><b>II.</b> Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы туындаған кезде Эмитент мұндай Дефолт оқиғасы тудырған себептерді жою мен Облигациялар ұстаушылардың құқықтарын қамсыздандыру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда, Эмитент Облигация ұстаушыларына Дефолт оқиғасы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасымен осындай оқиға туралы хабарлау мерзімі көзделген мерзімде, ал Қазақстан Республикасы заңнамасында мұндай мерзімдер көзделмеген жағдайда, Дефолт оқиғасы орын алған мерзімнен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.telecom.kz">www.telecom.kz</a>) және</p>

«Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) орналастыру жолымен, Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі талаптарымен белгіленген тәртіпте хабарлайды соның ішінде:

i. дефолт фактісі туралы;

ii. дефолт оқиғасы туындаған мерзімде Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемі;

iii. Дефолт оқиғасының туындауына әкелген міндеттемелердің орындалмау себептері;

iv. Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекетерін есептеу, соның ішінде, Эмитентке талаптармен жүгіну тәртібі мен мерзімдері;

v. Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпарат.

Көрсетілген ақпаратты өзге заңды тұлғаға тапсыру көзделмеген.

**III.** Дефолт оқиғасы туындаған кезде Эмитенттің сәйкес органы Облигацияның барлық ұстаушыларын қамсыздандыру мақсатында Дефолт оқиғасын туындатқан себептерді жою бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды. Дефолт оқиғасы туындаған кезде Эмитент Дефолт оқиғасы туындаған мерзімнен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн ішінде (бұдан әрі –**Кейінге қалдыру мерзімі**) мұндай Дефолт оқиғасын туындырған себептерді жою үшін барлық ықтимал шараларды жасауға міндетті.

**IV.** Егер Эмитент жасаған сәйкес шаралар, Кейінге қалдыру мерзімі ішінде Дефолт оқиғасының туындауын тудырған себептерді жоймайтын болса және егер өзгесі Облигация ұстаушылар мен Эмитент арасында айтылмаған болса, Облигация ұстаушылар Кейінге қалдыру мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 5 (бес) жұмыс күні ішінде Облигацияларды сатып алу туралы шақыртусыз талаптарды ұсыну арқылы айналымдағы барлық Облигацияларды сатып алу талабына құқылы.

Мұндай талаптардың бірін алғаннан кейін Эмитент мұндай талаптар мерзімінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін сатып алу мерзімін анықтайды және Облигацияларды сатып алудың алдағы мерзімі туралы облигация ұстаушылардың өкілдеріне хабарлау, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында ([www.telecom.kz](http://www.telecom.kz)) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) орналастыру жолымен хабарландырады. Облигацияларды сатып алуды Эмитент осы Проспектінің 3.14.1 т. Көрсетілген жиынтықталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналдық құнына сәйкес баға бойынша Эмитент жүргізеді.

**V.** Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамау не дұрыс орындамау жағдайында Эмитенттің ынтымақтасты немесе субсидарлық жауапкершілік



		атқаратын тұлғалар – жоқ.
	Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу құқығы	<p>Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша облигациялар айналымының басталу мерзімінен бастап (1) бір жылдан ерте емес мерзімде толық көлемде облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге құқылы</p> <p>Облигация ұстаушылар Эмитенттің Директорлар кеңесі мерзімінен бұрын өтеу шарты, мерзімдері мен тәртібі көрсетілген, облигацияларды өтеу туралы шешім қабылдаған мерзімнен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде хабарлауы тиіс.</p> <p>Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімінде облигациялар айналымының соңғы күні ретінде көрсетілген мерзімнен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақшаны аудару жолымен соңғы жиынтықталған купондық сыйақыны бір мезгілде төлеу жолымен теңдегі номиналдық құны бойынша жүзеге асырылады. Облигациялардың номиналдық құнын және соңғы сыйақыны алуға облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу алдындағы айналымның соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигациялар ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар құқылы.</p> <p>Толық көлемде сатып алынған осы шығарымының облигациялары Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте жойылуға тиісті.</p>
3.12.1	Ақпараттың мазмұнын, мұндай ақпаратты ашу тәртібін, мерзімін және мұндай ақпаратты ашу тәсілдерін көрсету жолымен, Облигация ұстаушыларға өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы хабарлау тәртібі, соның ішінде, облигациялар шығарылымының проспектінде көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы хабарлау.	<p>Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде, ҚЕХС сәйкес жасалған Эмитенттің қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептер, Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздар листингі туралы шартта көрсетілген мерзімдерде және тәртіппен Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.telecom.kz">www.telecom.kz</a>) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.) және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген мерзімге сәйкес және тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийінде (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) орналастырылатын болады және жүйелі негізде жаңартылып отырады.</p> <p>Осы Проспектінің 3.2. тармағында көзделген шектеулерді (ковенанттарды) бұзу туралы хабарлауды осы Проспектінің 3.2 тармағында көзделген тәртіпте Эмитент жүзеге асырады.</p>
3.12.	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану	<p>Эмитенттің жалпы корпоративтік мақсаттарына бағытталатын облигацияларды орналастыру құралы, соның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Қазақтелеком» АҚ сыртқы және ішкі қарыздық міндеттемелерін қайта қаражаттандыру;</li> <li>- инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру;</li> <li>- өзге де корпоративтік мақсаттар.</li> </ul>
3.13.	Облигацияларды сатып алу	

<p>3.14.1</p>	<p>Облигацияларды сату және сатып алу тәртібі, талаптары мен мерзімдері</p>	<p>Облигацияларды сатып алуды осы Проспектінің 3.11.1 және 3.14.2 тармақтарында көрсетілген бір немесе барлық оқиғалардың туындау нәтижесінде Эмитент жүзеге асырады</p> <p>Осы Проспектінің 3.11.1 тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде, Эмитент Облигацияларды сатып алу, сатып алу мерзіміндегі жиынтықталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналдық құнына сәйкес баға бойынша, Облигацияларды сатып алуды (<b>Облигацияларды сатып алу кезеңі</b>) жариялаған мерзімнен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Облигацияларда ұстаушылардың ағымдағы есепшотына теңгеге шаққанда ақшаны аудару жолымен жүргізіледі.</p> <p>Осы Проспектінің 3.14.2. тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент сатып алу мерзіміндегі жиынтықталған сыйақыны есепке ала отырып, облигациялардың номиналдық құнына сәйкес баға бойынша не қай көлемі ең үлкен болғандығына байланысты, Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыруға міндетті. Бұл ретте Облигациялардың әділ бағасын анықтау үшін Эмитент Облигация ұстаушылардың Өкіліне немесе барлық Облигация ұстаушыларға осы Проспектінің 3.14.2 тармағына сәйкес алдағы Облигацияларды сатып алу туралы хабарланған мерзімнің алдындағы күнінің маркет-мейкерінің баға белгісін пайдаланады. Сатып алу Облигацияларды сатып алу кезеңі ішінде Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы есепшотына теңгеге шаққандағы ақшаны аудару жолымен жүргізіледі.</p> <p>Оларды сатып алған кезде жиынтықталған пайыздық сыйақыны есепке ала отырып, Облигациялардың номиналдық құнына немесе Облигациялардың әділ нарықтық құнына сәйкес талап құқығы мен бағаға ие болуға Облигацияларды сатып алу кезеңінің басындағы мерзімнің алдындағы мерзімдегі жағдай бойынша Облигация ұстаушылар тізілімінде тіркелген тұлғалар ие.</p> <p>Егер Облигацияларды ұстаушылар Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын болса, Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасы аумағында банктік есепшот болуы шартымен, Облигацияларды сатып алу теңгемен жүзеге асырылады. Төлемді жүзеге асыру кезінде өзге валютаны (тек АҚШ долларын немесе Еуроны) теңгеге айырбастау, Эмитенттің Облигация ұстаушыдан сәйкес төлемді - Қазақстан Республикасының резиденті емесінен сәйкес жазбаша өтінішті алған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізуге рұқсат етіледі.</p> <p>Көрсетілген айырбастау, төлемді жүзеге асырған мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінде белгіленген бағам бойынша жүзеге асырылады. Өзге валютаны (тек</p>
---------------	---	--

		<p>АҚШ долларын немесе Еуроны) теңгеге айырбастау, Облигация ұстаушының - Қазақстан Республикасының резиденті емесінің есебінен жүргізіледі.</p> <p>Облигациялар бойынша төлемдерді жүзеге асырған кезде теңгені кез келген өзге валютаға Облигация ұстаушылардың – Қазақстан Республикасы резидент емесінің пайдасына айырбастауға рұқсат етілмейді</p>
3.14.2	<p>Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда Эмитент орналастырған облигацияларды сатып алу тәртібі</p>	<p><b>I.</b> Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі «Құнды қағаздар нарығы туралы» № 461-ІІ Заңының 18-4 бабына сәйкес орналастырған Облигацияларды сатып алуды Эмитент мына жағдайларда жүргізуі тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Эмитенттің органы қабылдаған Облигациялардың делистингі туралы шешімі;</li> <li>– тізімі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде және қор биржасының ішкі құжаттарында анықталған ақпаратты қор биржасына ұсыну жағынан, арнайы (листингтік) талаптарды орындамау себептері бойынша қор биржасының Эмитенттің Облигациялар делистингі туралы шешім қабылдауы;</li> <li>– Эмитенттің Облигация ұстаушылардың өкілдерімен Облигация ұстаушылардың бұрынғы өкілдерімен шартты бұзу немесе әрекетін тоқтату мерзімінен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жасамауы;</li> </ul> <p><b>II.</b> Жоғарыда аталған оқиғалар туындаған кезде Қазақстан Республикасы заңнамасында осындай ақпарат үшін көзделген мерзімде, ал Қазақстан Республикасы заңнамасында мұндай мерзім болмаған жағдайда – осы тармақта көзделген оқиғалардың бірі туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Облигация ұстаушылардың Өкіліне немесе барлық Облигация ұстаушыларға Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.telecom.kz">www.telecom.kz</a>) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.) орналастыру жолымен хабарлайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуына әкеленетін, көрсетілген оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы;</li> <li>- мұндай оқиғаның немесе оқиғалардың туындау мерзімінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей болуы тиіс, алдағы Облигацияларды сатып алу туралы.</li> </ul>
3.14.3	<p>Эмитенттің ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда облигацияларды сатып алуы</p>	<p>Эмитенттің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алу:</p> <p>Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өзінің Облигацияларын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес олардың айналымының барлық мерзімі ішінде ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алуға құқылы.</p> <p>Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– Мәміле жасау мерзімінде «Қазақстандық қор</li> </ul>

		<p>биржасы» АҚ қалыптасқан нарықтық бағаға сүйене отырып, құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасау кезінде;</p> <p>– ұйымдастырылмаған нарықта мәміле жасау кезінде – мәміле тараптардың келісімі бойынша.</p> <p>Сатып алынған Облигациялар өтелген болып табылмайды және Эмитент оны қайта сата алуы мүмкін.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы облигациялар сатып алынатын облигация ұстаушылардың құқықтарының, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Эмитенттің жеке облигациялармен мәміле жасау тәртібі туралы заңнамасының талаптарының бұзылуына әкелмеуі тиіс.</p> <p>Облигацияның барлық ұстаушылары Директорлар кеңесінің Облигацияларды сатып алу туралы қабылданған шешім туралы Директорлар кеңесінің мұндай шешім қабылдаған мерзімінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Облигациялардың ұстаушыларының Өкілін хабарландыру арқылы, сонымен қатар Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет ресурсында ақпаратты орнату тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген тәртіпте Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.telecom.kz">www.telecom.kz</a>) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>) және Қаржылық есептілік депозитарийінде (<a href="http://www.dfo.kz">www.dfo.kz</a>) орналастыру жолымен хабарлайды.</p> <p>Орналастырылған Облигациялар (сатып алынғанды шегергенде) саны туралы ақпаратты «Қазақстандық қор биржасы» АҚ Листингтік ережелеріне сәйкес «Қазақстандық қор биржасы» АҚ Эмитенті ашады.</p>
3-1.	<p><b>Облигацияны өтеу сәтіне дейінгі төлемнің әр кезеңі тұрғысындағы сыйақыны төлеу мен негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражатының көздерін және ағындарын болжау</b></p>	<p>Эмитенттің Облигацияны өтеу сәтіне дейінгі төлемнің әр кезеңі тұрғысындағы сыйақыны төлеу мен негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақшалай қаражатының көздерін және ағындарын болжау бірінші облигациялық бағдарлама шегінде купондық облигациялардың бірінші шығарылымы проспектісінде көрсетілетін болады.</p>
3-2.	<p><b>Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар)</b></p>	<p>Осы Проспекпен белгіленген Облигациялар айналымының мерзімі ішінде Эмитент келесі жағдайларды сақтауға міндетті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Эмитенттің Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу мерзімінде Эмитент активтерінің жалпы құнының 10% астам облигациялар шығарылымымен байланысы жоқ міндеттемелерге</li> </ul>

		<p>жол бермеу;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>▪ Эмитенттің ұйымдастырушылық-құқықтық түрін өзгертпеу;</li> <li>▪ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Эмитент қызметінің негізгі түрлерін өзгертуді көздейтін, Эмитенттің құрылтайшылық құжаттарына өзгерістер енгізбеу;</li> <li>▪ Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздар листингі туралы шартта белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;</li> <li>▪ Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалатын, мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздар листингі туралы шартпен анықталған, Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептемелерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу.</li> </ul> <p>Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық құнды қағаздар листингі туралы шартта белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептер ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеу. Белгіленген ковенанттардың (шектеулердің) бірі немесе барлығы бұзылған мерзімнен бастап Эмитент Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген мұндай ақпаратты ұсынудың мерзімінде, ал Қазақстан Республикасы заңнамасында мұндай мерзімдер болмаған жағдайда – сәйкес бұзушылық болған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей, мұндай оқиға немесе оқиғалар орын алғандығы туралы барлық Облигация ұстаушыларға хабарлама арқылы жазбаша хабарлайды, сонымен қатар Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте Эмитенттің ресми сайтында (<a href="http://www.telecom.kz">www.telecom.kz</a>) және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми сайтында (<a href="http://www.kase.kz">www.kase.kz</a>.) орналастыру жолымен хабарлайды.</p>
4.	<b>Опциондар туралы ақпарат</b>	<b>Опциондар көзделмеген.</b>
5.	<b>Айырбасталатын облигациялар</b>	<b>Эмитенттің Облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.</b>
6.	<b>Облигацияларды орналастыру</b>	
6.1.	Облигацияларды орналастыру мерзімі мен	Облигацияларды орналастырудың басталу мерзімі, Облигациялар айналымының басталу мерзімі болып



	тәртібі	табылады. Облигациялар «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес айналымының барлық мерзімі ішінде құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарқында орналастырылатын болады.
6.2.	Жазылым жолымен акцияларға айырбасталатын Облигацияларды орналастырған кезде айырбастау шарттары көрсетіледі	Облигацияларды акцияларға айырбастау көзделмеген.
6.3.	Облигациялар төлемінің шарты мен тәртібі	Облигациялар қолма-қол емес түрде ақшалай төленеді. Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ сауда алаңында мамандандырылған сауда-саттық жүргізу жолымен орналастырған кезде төлем «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**«Қазақтелеком» АҚ**  
**Басқарма Төрағасы**

**К.Б. Есекеев**

**«Қазақтелеком» АҚ**  
**Бас бухгалтері**



**М.О.**

**Г.Ж. Байшумурова**

## №1 қосымша

### 3-1. Эмитенттің Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақылар төлемінің әр кезеңі тұрғысында сыйақылар төлеу мен негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті ақшалай қаражаты көздерін және ағындарын болжау.

Сыйақыны төлеу мен негізгі қарыздың сомасын номиналдық баға бойынша өтеу Эмитенттің жеке қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі. Эмитент әр кезең бойынша қызметтің негізгі түрінен түскен түсімдер сомасы негізгі қарызды өтеу мен міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын болады.

Төменде 2014-2019 жылдарға арналған кезеңдегі Эмитенттің ақшалай ағындарының болжамы көрсетілген:

Көрсеткіштер	2014 ж.	2015 ж.		2016 ж.		2017 ж.		2018 ж.		2019 ж.	
		1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық	1 жартыжылдық	2 жартыжылдық
<b>Операциялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы</b>											
<b>Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы</b>	<b>218 504 799</b>	<b>114 824 603</b>	<b>255 165 783</b>	<b>139 270 096</b>	<b>278 540 192</b>	<b>147 826 217</b>	<b>295 652 434</b>	<b>158 793 147</b>	<b>317 586 295</b>	<b>164 694 357</b>	<b>329 388 714</b>
соның ішінде:											
өнімдер мен тауарларды өткізу	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
қызметтерді өткізу	177 417 658	85 386 078	189 746 839	96 006 264	192 012 528	98 919 831	197 839 662	104 475 790	208 951 580	105 092 645	210 185 289
басқа түсімдер	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
алынған аванстар	36 302 689	26 120 805	58 046 234	40 705 536	81 411 071	46 617 915	93 235 830	52 228 819	104 457 638	57 514 115	115 028 231
дивидендтер	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
алынған сыйақылар (пайыздар)	172 364	45 000	100 000	50 000	100 000	50 000	100 000	50 000	100 000	50 000	100 000
басқа түсімдер	4 612 088	3 272 720	7 272 710	2 508 297	5 016 593	2 238 471	4 476 942	2 038 538	4 077 077	2 037 597	4 075 194
<b>Ақшалай қаражаттың шығарылуы, барлығы</b>	<b>165 583 153</b>	<b>85 838 004</b>	<b>190 751 121</b>	<b>112 528 371</b>	<b>225 056 743</b>	<b>111 118 595</b>	<b>222 237 190</b>	<b>118 554 601</b>	<b>237 109 203</b>	<b>123 295 480</b>	<b>246 590 960</b>
соның ішінде:											
тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер	73 572 708	40 751 065	90 557 922	59 797 081	119 594 162	57 097 182	114 194 365	61 896 939	123 793 879	63 275 256	126 550 512
берілген аванстар	7 308 401	3 682 029	8 182 287	4 223 923	8 447 846	4 338 463	8 676 927	4 464 612	8 929 225	4 383 444	8 766 888

Жалақы бойынша төлемдер	46 677 950	21 489 244	47 753 876	24 545 119	49 090 237	24 535 902	49 071 804	24 855 723	49 711 447	25 021 341	50 042 681
Сыйақы төлемдері (пайыздар)	5 027 871	3 827 170	8 504 821	4 671 369	9 342 738	5 199 390	10 398 779	4 863 129	9 726 258	5 181 277	10 362 554
Қарыздық құнды қағаздар (облигациялар) бойынша сыйақылар төлемі	1 183 634	1 404 106	3 120 236	1 961 017	3 922 034	2 532 167	5 064 334	2 159 373	4 318 747	2 227 590	4 455 180
Қарыздық құнды қағаздар (облигациялар) бойынша сыйақылар төлемі	1 614 071	1 499 640	3 332 534	1 666 526	3 333 052	1 666 526	3 333 052	1 666 526	3 333 052	1 913 142	3 826 283
Қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелер бойынша сыйақылар төлемі	2 230 166	923 423	2 052 051	1 043 826	2 087 652	1 000 697	2 001 393	1 037 229	2 074 459	1 040 545	2 081 090
Корпоративтік кіріс салығы	4 163 844	2 444 754	5 432 786	3 440 164	6 880 328	3 523 449	7 046 898	3 948 088	7 896 176	5 760 361	11 520 721
Бюджетке басқа төлемдер	24 695 646	11 628 366	25 840 813	13 739 399	27 478 797	14 308 012	28 616 023	16 407 949	32 815 899	17 551 515	35 103 030
Басқа төлемдер	4 136 734	2 015 377	4 478 616	2 111 317	4 222 634	2 116 197	4 232 394	2 118 160	4 236 320	2 122 287	4 244 574
<b>Операциялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза сомасы</b>	<b>52 921 645</b>	<b>28 986 598</b>	<b>64 414 662</b>	<b>26 741 725</b>	<b>53 483 450</b>	<b>36 707 622</b>	<b>73 415 244</b>	<b>40 238 546</b>	<b>80 477 092</b>	<b>41 398 877</b>	<b>82 797 755</b>
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы</b>											
<b>Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы</b>	<b>10 632 580</b>	<b>2 285 241</b>	<b>5 713 102</b>	<b>1 459 100</b>	<b>2 918 200</b>	<b>1 459 100</b>	<b>2 918 200</b>	<b>1 773 850</b>	<b>3 547 700</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
соның ішінде:											
Негізгі қаражатты сатудан түскен түсімдер	125 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Банктік салымдарды қайтару	5 761 204	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Басқа түсімдер	4 746 376	2 285 241	5 713 102	1 459 100	2 918 200	1 459 100	2 918 200	1 773 850	3 547 700	0	0
<b>Ақшалай қаражаттың шығарылуы, барлығы</b>	<b>67 720 937</b>	<b>12 721 724</b>	<b>31 804 309</b>	<b>17 046 912</b>	<b>34 093 824</b>	<b>10 708 088</b>	<b>21 416 176</b>	<b>8 762 514</b>	<b>17 525 028</b>	<b>7 881 369</b>	<b>15 762 738</b>
соның ішінде:											
Негізгі қаражатты сатып	25 658	6 443 242	16 108 106	8 417 382	16 834 764	5 796 580	11 593 161	4 708 395	9 416 790	4 515 070	9 030 140



алу	846										
Материалдық емес активтерді сатып алу	6 197 660	1 904 169	4 760 421	4 067 743	8 135 485	1 682 001	3 364 003	1 539 700	3 079 400	1 435 520	2 871 039
Басқа ұзақ мерзімдік активтерді сатып алу	20 060 438	4 374 313	10 935 782	4 561 788	9 123 575	3 229 507	6 459 013	2 514 419	5 028 838	1 930 779	3 861 559
Банктік салымдарды орналастыру	14 012 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
Басқа төлемдер	1 791 993	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақшалай қаражатты таза сомасы</b>	<b>-57 088 357</b>	<b>-10 436 483</b>	<b>-26 091 207</b>	<b>-15 587 812</b>	<b>-31 175 624</b>	<b>-9 248 988</b>	<b>-18 497 976</b>	<b>-6 988 664</b>	<b>-13 977 328</b>	<b>-7 881 369</b>	<b>-15 762 738</b>
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың қозғалысы</b>											
<b>Ақшалай қаражаттың түсімі, барлығы</b>	<b>42 886 911</b>	<b>3 764 113</b>	<b>3 764 113</b>	<b>0</b>	<b>15 000 027</b>	<b>0</b>	<b>4 215 889</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
соның ішінде:											
<b>Жарғылық капиталға акциялар шығарылымынан және жарналардан түскен түсімдер, соның ішінде:</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Еншілес ұйымдардың акциялар шығарылымынан түскен түсімдер, соның ішінде:</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
<b>Алынған қысқа мерзімдік қарыздар бойынша түсімдер</b>	<b>2 720 771</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан түскен	2 720 771	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Алынған ұзын мерзімдік қарыздар бойынша түсімдер</b>	<b>19 166 140</b>	<b>3 764 113</b>	<b>3 764 113</b>	<b>0</b>	<b>15 000 027</b>	<b>0</b>	<b>4 215 889</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан	19 166 140	3 764 113	3 764 113	0	15 000 027	0	4 215 889	0	0	0	0

түскен												
<b>Шығарылған қарыздық құнды қағаздар (облигациялар) бойынша түсімдер</b>	<b>21 000 000</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан түскен	21 000 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Ақшалай қаражаттың шығарылуы, барлығы</b>	<b>46 376 010</b>	<b>24 423 807</b>	<b>29 331 174</b>	<b>9 437 308</b>	<b>18 874 616</b>	<b>12 091 697</b>	<b>24 183 394</b>	<b>12 447 719</b>	<b>24 895 439</b>	<b>14 493 014</b>	<b>69 535 146</b>	
соның ішінде:												
Жеке акцияларды сатып алу	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
<b>Алынған қысқа мерзімдік қарыздар бойынша негізгі қарыздың төлемі</b>	<b>2 434 507</b>	<b>411 995</b>	<b>823 990</b>	<b>513 101</b>	<b>1 026 201</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан түскен	2 434 507	411 995	823 990	513 101	1 026 201	0	0	0	0	0	0	0
<b>Алынған ұзын мерзімдік қарыздар бойынша негізгі қарыздың төлемі</b>	<b>7 502 272</b>	<b>19 516 440</b>	<b>19 516 440</b>	<b>3 124 586</b>	<b>6 249 173</b>	<b>4 524 090</b>	<b>9 048 179</b>	<b>4 600 693</b>	<b>9 201 387</b>	<b>5 040 824</b>	<b>10 081 647</b>	
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан түскен	5 335 350	4 293 377	4 293 377	1 595 871	3 191 742	1 526 054	3 052 107	187 810	375 621	436 560	873 121	
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан түскен	2 166 922	15 223 063	15 223 063	1 528 715	3 057 430	2 998 036	5 996 072	4 412 883	8 825 766	4 604 263	9 208 526	
<b>Шығарылған қарыздық құнды қағаздардың</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>40 549 118</b>	

<b>(облигациялар) негізгі қарызының төлемі</b>											
ЕҰ мен Қордың басқа ЕҰ компанияларынан басқа, ел ішіндегі ұйымдардан түскен	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	40 549 118
Қаржылық жалға алу бойынша міндеттемелер бойынша негізгі қарыздың төлемі	7 574 815	4 038 939	8 077 877	4 173 348	8 346 695	4 196 403	8 392 805	3 744 157	7 488 314	3 825 229	7 650 457
<b>Төленген дивидендтер:</b>	<b>28 864 416</b>	<b>456 433</b>	<b>912 867</b>	<b>1 626 273</b>	<b>3 252 547</b>	<b>3 371 205</b>	<b>6 742 409</b>	<b>4 102 869</b>	<b>8 205 738</b>	<b>5 626 961</b>	<b>11 253 923</b>
- бас компанияның акционерлеріне	14 505 462	201 937	403 873	798 555	1 597 111	1 658 109	3 316 219	2 017 974	4 035 949	2 767 591	5 535 183
- бақыланбайтын меншік иелеріне	14 358 953	254 497	508 993	827 718	1 655 436	1 713 095	3 426 191	2 084 894	4 169 789	2 859 370	5 718 740
<b>Қаржылық қызмет бойынша ақшалай қаражаттың таза түсімі</b>	<b>-3 489 099</b>	<b>-20 659 694</b>	<b>-25 567 061</b>	<b>-9 437 308</b>	<b>-3 874 589</b>	<b>-12 091 697</b>	<b>-19 967 505</b>	<b>-12 447 719</b>	<b>-24 895 439</b>	<b>-14 493 014</b>	<b>-69 535 146</b>
<b>Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза өзгеруі</b>	<b>-7 655 811</b>	<b>-2 109 579</b>	<b>12 756 394</b>	<b>1 716 605</b>	<b>18 433 236</b>	<b>15 366 937</b>	<b>34 949 763</b>	<b>20 802 163</b>	<b>41 604 325</b>	<b>19 024 495</b>	<b>-2 500 129</b>
<b>Кезеннің басындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары</b>	<b>42 352 823</b>	<b>34 697 012</b>	<b>34 697 012</b>	<b>47 453 406</b>	<b>47 453 406</b>	<b>65 886 642</b>	<b>65 886 642</b>	<b>100 836 404</b>	<b>100 836 404</b>	<b>142 440 730</b>	<b>142 440 730</b>
<b>Кезеннің соңындағы ақшалай қаражат пен оның баламалары</b>	<b>34 697 012</b>	<b>32 587 433</b>	<b>47 453 406</b>	<b>49 170 010</b>	<b>65 886 642</b>	<b>81 253 579</b>	<b>100 836 404</b>	<b>121 638 567</b>	<b>142 440 730</b>	<b>161 465 224</b>	<b>139 940 601</b>

Осы Проспектінің №1 Қосымшасында келтірілген Эмитенттің ақшалай қаражаты ағындарының болжамы жүзеге асыруда ырыққа көнбейтін және және әртүрлі факторларға, соның ішінде, барлық экономикалық және коммерциялық талаптар, Эмитент өнімдеріне сұраныс, Эмитент өзінің қызметін жүзеге асыратын секторға қатысатын бәсекелестік, мемлекеттік реттеудегі өзгерістер, салық талаптарындағы өзгерістер (соның ішінде, салық мөлшерлемесінің өзгеруі, жаңа салық заңдары мен салық заңнамасының түсініктемесін қайта қарастыру), сот және төрелік талқылаулар нәтижелері, пайыздық мөлшерлемедегі, айырбас бағамындағы және басқа да нарықтық жағдайлардағы өзгерістер, соның ішінде, экономикалық және саяси жағдайлар мен перспективаның белгісіздігі факторларына байланысты өзгертуге жататын болжамдарға, деректерге және әдістерге байланысты.

Эмитент жаңа ақпараттардың пайда болуы, болашақ оқиғалар мен өзге негіздемелер салдарынан, Облигациялар шығарылымының осы Проспектісінде ашылатын қандай да болсын болжамдық деректерді жаңартуға немесе қайта қарастыруға міндетті емес және ниетті емес. Эмитентке немесе Эмитент атынан әрекет ететін өзге тұлғаларға тіркелген перспективалар және/немесе болжамдар туралы барлық кейінгі жазбаша немесе ауызша өтініштер, өзінің бүтіндігінде Облигациялар шығарылымының осы Проспектісінің бүкіл мәтінінің мазмұнындағы сақтандыру өтініштерімен шектеледі. Осы тәуекелдер, белгісіздіктер немесе болжамдар салдарынан, Облигациялардың әлеуетті сатып алушылары перспективалар туралы осы өтініштерді орынды түрде негізге алмауы тиіс.